

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, банктердің және басқа да қаржы мекемелерінің және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясының арасындағы 1997 жылғы 20 ақпандағы несиелік келісім бойынша ұсынылған несиенің бір бөлігін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 наурыздағы N 202

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, банктердің және басқа да қаржы мекемелерінің және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited"

;компаниясының арасындағы несиелік келісім бойынша міндеттемелерін орындау және дефолттар фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда аталған келісімге сәйкес "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясы

;шоттарының негізінде 1998 жылдың 20 наурызында 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттан 1 050 000 АҚШ долларын төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасымен тартылған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде келісім жасассын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі